

**Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 6-38-26 "2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Украин ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 6-48-4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 6837 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-7-тармағына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Украин ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 6-38-26 шешіміне (2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Украин ауылдық округінің бюджетін осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 241 962,3 мың теңге:

салықтық түсімдер – 5 282,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 236 680,3 мың теңге;

2) шығындар – 245 654,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3 691,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –

3 691,8 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 3 691,8 мың теңге.";

6-2- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6-2. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер 83 574,1 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2020-2022 жылдарға арналған Украин ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы,*

*XLVIII сессиясының төрағасы*

*Б. Жанахметов*

Айыртау аудандық мәслихатының  
шешіміне қосымша

2020 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 6-48-4

Айыртау аудандық мәслихатының

2019 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 6-38-26 шешіміне

1 қосымша

## 2020 жылға арналған Айыртау ауданы Украин ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сома , мың теңге	
Сыныбы	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	241 962,3
1			Салықтық түсімдер	5 282,0
	01		Табыс салығы	900,0
		2	Жеке табыс салығы	900,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 382,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		3	Жер салығы	1 711,0

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 653,0
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттер түсімі	236 680,3
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	236 680,3
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	236 680,3
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Соманың теңге
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	245 654,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 419,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 419,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 419,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 223,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 223,8
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	653,8
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 970,0
12			Көлік және коммуникация	68 442,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	68 442,1
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	68 442,1
13			Басқалар	151 569,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	151 569,2
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	250,0

	057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	151 319,2
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 3 691,8
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	3 691,8
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Сома , мың теңге
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	3 691,8
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	3 691,8
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3 691,8